

**Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 қарашадағы № 241" Исатай ауданында кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 116 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 шілдеде № 3926 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 20 наурыздағы № 45 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 20.03.2024 № 45 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26 бабына сәйкес Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2016 жылғы 14 қарашадағы № 241"Исатай ауданында кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3702 болып тіркелген, 2016 жылы 22 желтоқсанда "Нарын таңы" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) қаулының тақырыбы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Исатай ауданында кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота белгілеу туралы";

2) қаулының 1- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. Ұйымдардың тізімдік санының бір пайыз мөлшерінде Исатай ауданында кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білімберу ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота белгіленсін."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Өтеғалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Мурзиев*